

**"Мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын және Мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқарудың үлгілік шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қантардағы № 17 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 21788 болып тіркелді

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын және Мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқарудың үлгілік шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қантардағы № 17 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10111 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 қантарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларында:

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтердің немесе өзге де заңды тұлғалардың) мемлекетке тиесілі акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлік басқаруға беру кезінде сенімгерлік басқарушыға мынадай:

1) акционерлік қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтің және өзге де заңды тұлғаның жарғысын өзгерту туралы;

2) акционерлік қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтің және өзге де заңды тұлғаның жарғылық капитал мөлшерін өзгерту (ұлғайту немесе азайту) туралы;

3) акционерлік қоғамды, жауапкершілігі шектеулі серікtestіkті немесе өзге де заңды тұлғаны тарату, оларды қайта үйымдастыру туралы, сондай-ақ олардың атауын өзгерту туралы мәселелерді шешуге байланысты мемлекеттің құқықтары берілмейді.

Акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтердің немесе өзге де заңды тұлғалардың) акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) мемлекеттің дивидендтерге құқығынан бас тартумен сенімгерлік басқаруға беруге жол берілмейді.

Сенімгерлік басқарушы акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтің немесе өзге де заңды тұлғаның) таза кірісінің бір бөлігін Заңның 186-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган

пайыздық арақатынаста белгілеген мөлшерде дивидендтер (кірістер) төлеуге жіберуді қамтамасыз етеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Объектінің кейіннен сатып алу құқығының сенімгерлік басқаруға беру мыналарды:

1) объектінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталын төлеуге бергенге дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның оны заңды тұлғаның жарғылық капиталын төлеуге беру туралы шешімі болған кездегі;

2) газ құбырлары мен электрмен және энергиямен жабдықтау объектілерін беру;

3) стратегиялық объектілерді, сондай-ақ меншігінде стратегиялық объектілері бар заңды тұлғалардағы акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) беру;

4) жылжымайтын мүлік объектілерін және халықаралық келісімдерді іске асыру үшін құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларын беру;

5) мемлекеттік ақпараттың жүйелерді беру;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының балансына бекітілген объектілерді беру;

7) заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) дербес білім беру үйымдарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және оның жүйесіне кіретін заңды тұлғаларға, Дүниежүзі қазақтары қауымдастырына беру;

8) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және респубикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, ақылы қозғалысты үйымдастыру үшін Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторға беру;

9) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператордың мемлекеттік акциялар пакетін беру;

10) опера және балет өнерін дамыту үшін құрылған, жалпы алаңы кемінде 40 000 шаршы метр ғимараттарды, құрылыш-жайларды, жабдықтарды және өзге мүлікті қамтитын кешендер түріндегі мәдениет объектілерін беру;

11) Заңның 14-бабына сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеке сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға беру;

12) денсаулық сақтау объектілерін салуды, күтіп-ұстауды және пайдалануды үйымдастыру үшін жылжымайтын мүлікті Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық операторға беру;

13) "Астана" халықаралық қаржы орталығы аумағында тіркелген заңды тұлғалардың мемлекеттік акциялар пакетін (қатысу үлестерін) "Астана" халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі" акционерлік қоғамына беру жағдайларын қоспағанда, тендерлік негізде жүзеге асырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Объектіні тендер өткізбестен сенімгерлік басқаруға беру кезінде өтінішті құрылтайшы он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Құрылтайшы алынған өтінішті үш жұмыс күні ішінде баланс ұстаушыға немесе басқару органына (акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе өзге занды тұлға) акцияларының мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) беру кезінде) келісуге жібереді. Өтінішке қоса берілген құжаттар баланс ұстаушыға жіберілмейді.

Баланс ұстаушы немесе басқару органы (акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе өзге де занды тұлға) акцияларының мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) беру кезінде) жеті жұмыс күні ішінде құрылтайшыға объектіні сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі шарттарды белгілеу туралы ұсыныспен жазбаша түрде келісімді немесе объектіні сенімгерлік басқаруға беруден бас тартуды ұсынады.

Құрылтайшы объектіні тендер өткізбестен сенімгерлік басқаруға беру немесе бермеу туралы өтінішті қарау нәтижелері туралы өтініш берушіні хатпен хабардар етеді".

2. Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

R. Даленов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК